

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 940 қаулысы.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 87-88, 631-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 6-қосымша:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 3-жолмен толықтырылсын:

"

3		Психоэмоциялық және дене жүктемесі үшін қосымша ақы	
1)	Жұмыстың күрделілігі мен жоғары қауырттылығы үшін:		
	Стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (паллиативтік көмек көрсету бөлімшелерін (палаталарын) қоспағанда): басқарушы персоналға; негізгі персонал қызметкерлеріне (әлеуметтік қызметкерді қоспағанда); әлеуметтік қызметкерлерге; санитарларға		ЛА-дан 30 % ЛА-дан 35 % ЛА-дан 40 % ЛА-дан 40 %
	Стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелердегі паллиативтік көмек көрсету бөлімшелерінде (палаталарында): тәрбиешілерге, барлық мамандықтағы мейіргерлерге, санитарларға		ЛА-дан 60 %
	Үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдарындағы қызметкерлерге : басқарушы персоналға; негізгі персонал қызметкерлеріне (әлеуметтік қызметкерді қоспағанда); әлеуметтік қызметкерлерге; санитарларға		ЛА-дан 15 % ЛА-дан 20 % ЛА-дан 35 % ЛА-дан 20 %

”;

көрсетілген қаулыға 7-қосымшада:

реттік нөмірі 1-жол мынадай мазмұндағы 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

”

7)	Республикалық басқарушы және негізгі персонал қызметкерлеріне: театрларда, концерттік ұйымдарда: шығармашылық туындылар мен шығармашылық идеяларды тікелей іске асыруға байланысты жұмыстар үшін; музейлерде (көркем галереяларда (салондарда), студияларда, шеберханаларда және т.б.), музей-қорықтарда, мәдениет саласындағы зерттеу орталықтарында (зерттеу институттарында); тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтауды және танымал етуді тікелей қамтамасыз етуге байланысты жұмыстар үшін; кітапханаларда, кітап палатасында: кітап қорының қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша халыққа тікелей қызмет көрсетумен байланысты жұмыстар үшін, оның ішінде электрондық кітапхана арқылы; мемлекеттік архивтерде: Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын сақтауды, жинақтауды және танымал етуді тікелей қамтамасыз етуге байланысты жұмыстар үшін	ЛА-дан 50 %
8)	Жергілікті атқарушы органның ұйымдарында: басқарушы және негізгі персонал қызметкерлеріне: театрларда, концерттік ұйымдарда, цирктерде: шығармашылық туындылар мен шығармашылық идеяларды тікелей жүзеге асыруға байланысты жұмыстар үшін; музейлерде (көркем галереяларда (салондарда), студияларда, шеберханаларда және т.б.), музей-қорықтарда, тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдарда (мәдени-тарихи орталықтар, мәдениет саласындағы зерттеу орталықтарында (зерттеу институттарында), калпына келтіру орталықтарында және т. б.): тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтауды және танымал етуді тікелей қамтамасыз етуге байланысты жұмыстар үшін; кітапханаларда: кітап қорының халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша тікелей қызмет көрсетумен байланысты жұмыстар үшін, оның ішінде электрондық кітапхана арқылы; мәдени-демалыс ұйымдарында: (клубтарда, мәдениет және демалыс парктерінде, мәдениет үйлері мен сарайларда, халық шығармашылығы орталықтарында (үйлерінде), және т.б.): халық шығармашылығын, этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтауға, насихаттауға, оларды осы заманғы тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімдеу және халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша тікелей қызмет көрсетуге байланысты жұмыстар үшін; кинематографиялық ұйымдарда: фильмді прокаттау және көрсету, киноматериалдарды дайындау, фильмді шығару жөніндегі жұмыстарды орындау және тікелей қызмет көрсетуге байланысты халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар үшін; мемлекеттік архивтерде: Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын сақтауды, жинақтауды және танымал етуді тікелей қамтамасыз етуге байланысты жұмыстар үшін	ЛА-дан 35 %

”.

2. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК